

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



ТҰРПАЖ- ҚАЗАЛЫ

№77
(2143)
Сәрсенбі
30 тамыз
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды тарихи мәні зор, мерейлі мереке 30 тамыз – Қазақстан Республикасы Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1995 жылы бүкілхалықтық референдум нәтижесінде қабылданған республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде тиімділігін дәлелдеп, сол күннен бастап тағдыр тоғыстырған көпұлтты халқымыздың татулығы мен тұрақтылығына тұғыр болып келеді.

Еліміздің Ата Заңы жаңа Қазақстан жетістіктерінің кепіліне айналды. Тиімді құқықтық жүйені орнықтыру арқылы біз экономикалық өсімге және қоғамның әл-ауқатының артуына қол жеткіздік.

Осынау мерейлі мерекелер қарсаңында Сыр бойының киелі топырағында, қасиетті Қазалы жерінде тың бастамалар мен жаңадан бой көтерген әлеуметтік нысандардың халық игілігі үшін пайдалануға беріліп, әлеуметтік-экономикалық дамуда қарқынды өзгерістердің куәсі болып келеміз.

Қымбатты жерлестер!

Бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналған Ата Заңымыз Тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың, тыныштығымыз бен бейбіт өміріміздің тұғырына айналды.

Әрбір қазақстандық Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жекебасы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

Біздің басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздігіміз, келісім мен бірлігіміз нығая берсін!

Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін!

Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

Құрметпен,

Қазалы ауданының әкімі

М.Оразбаев

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті ұстаздар!

Қымбатты оқушылар мен ата-аналар!

Баршаңызды 1 қыркүйек – Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мейрамның әрбір адам өмірінде алар орны ерекше. Әсіресе, мектеп табалдырығын тұңғыш аттайтын балалардың жүрегінде осы күн мәңгіге сақталады. Ал, ұстаздар үшін жаңа бастамалар мен ізденістердің, жаңа идеялардың символы.

Еңбектің ең үлкені – Білім! Әлемдік өркениетке бет алған бүгінгі еліміздің болашағы да білім мен тәрбиеге тікелей байланысты. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы саланың жандануына ерекше көңіл бөліп келеді.

Жыл сайын заманауи үлгідегі мектептер мен балабақшалар тұрғызылып, оқу-тәрбие мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда. Мұны біздің аудан өмірінен де көруге болады. Мәселен, биыл Қ.Пірімов ауылындағы №92 орта мектеп күрделі жөндеуден өтсе, Әйтеке би кентінде 250 орындық мектеп құрылысы жүруде. Алда «Жайлы мектеп» жобасы шеңберінде Жанқожа батыр ауылы мен Әйтеке би кентінен 2 мектеп салына-тын болады. Балалардың сапалы білім алуы үшін жасалып жатқан шаралар.

Қадірлі ұстаздар!

Қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаев «Білімдінің сөзі – ем, мейірімі көп, өзі кең!» деп бекер айтпаған. Сондықтан жаңа оқу жылы баршаңызды жаңа жетістіктерге жетелесін! Білім баспалдағынан алғаш аттағалы отырған бүлдіршіндерге ақ жол тілеймін!

Қиын да күрделі қызметте жүрген ұстаздар қауымының дендеріне саулық, ұрпағымызға сапалы білім, саналы тәрбие берудегі міндеттерін мінсіз, абыройлы атқаруларына тілектестігімді білдіремін!

Мереке құтты болсын!

Құрметпен,

Қазалы ауданының әкімі

М.Оразбаев

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫ–АТА ЗАҢ



міндеттері, құқықтары көрсетіледі.

Қ а з а қ с т а н Республикасының қазіргі қолданыстағы Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда бүкіл халықтық референдумда қабылданды.

Елімізде айтулы мерекелер көп, соның бірі және бірегейі бас заңымыз Конституцияға биыл 28 жыл толып отыр. Қазақ елінде заң үстемдігін орнатамыз десек ең алдымен Конституцияны және осыған негізделген барлық заңдармен өзгеде құқықтық актілерді бұлжытпай орындап сақтай білуіміз керек.

Сөздің қадіріне жеткен балаларымыз ежелден-ақ «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Әз-Тәукенің жеті жарғысы» сынды заңдарын тайға таңба басқандай жазып қолданып отырған.

Тарихқа көз жүгіртсек, Конституция алғаш рет Англия-

да 1679 және 1688 жылдары «құқықтар жөніндегі билль» деген атпен қабылданған екен. Ал, жазбаша конституция 1787 жылы АҚШ-та, одан кейін, 1791 жылы Франция мен Польшада өмірге келіпті. Ал, Қазақстанда Конституция 1924 жылы одан кейін, 1937, 1977 жылдары жазбаша түрде қабылданды дегенімізбен дала демократиясына сүйенген қазақ елі ежелден салт дәстүр, белгілі заң қағидаларын басшылыққа алған билер институтымен қоғамдық мәселелерін реттеп отырды.

Біздің елімізде 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 жылдары Конституцияға елеулі өзгерістер енгізілді. Бұл оқиға сол кезде қазақ халқы үшін, біздің мемлекетіміз үшін үлкен қуанышты жағдай болды. Өйткені, Кеңес Одағының құрамында жүргенде біздің Республикамыздың Конституциясы Одақтық Конституцияның сарынымен жасалып, сол арқылы жұмыс

істейтін.

Бұл Қазақстан дербес мемлекет болып құрылған соң қабылданған, реттелген, бірізділікке келтірілген Конституция болды. Ол Конституцияның ең бірінші ерекшелігі – мемлекет басқару жүйесін толық бір жүйе ретінде қарастыруы еді. Яғни, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерін өз алдына бөлек орган ретінде емес, тұтас құрылымдық жүйе қылып қалыптастырып, олардың міндеттері және жауапкершілігін белгілеп берген Конституция болды.

Әлемнің көптеген елдерінің Конституциясын беделді сарапшылар мен депутаттар әзірлейтінін, содан кейін парламент қабылдайтынын айта кеткен жөн. Мұндай құжаттар сарапшы тұрғысынан жоғары бағаланғанымен, оған ұлтшылдық, халықтың рухы жетіңкіремейді.

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат - Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары,

КОНСТИТУЦИЯ – КЕМЕЛ КЕЛЕШЕГІМІЗДІҢ КЕПІЛІ!



Конституция күні – біздің мемлекетіміздің, халқымыздың ең ұлық мерекелерінің бірі. «Көптің сөзі-киелі» дейді дана халқымыз. Ғасырлар тоғысында Қазақстан халқы да тағдырлы шешім қабылдап, жасампаз жаңа дәуірге қадам басқанына, міне 28 жыл толып отыр. Ата Заңымыз – мызғымасс мемлекеттігіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі! Конституциямыз адам құқықтарының жалпыға бірдей 1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған Декларациясы рухында жазылып, қабылданды. Сондықтан да Ата Заңымыздың басты да артықшылыққа ие қағидаты – біздің республикамыз-

дың ең қымбат қазынасы – адам, оның өмірі, бостандығы және қолсұғуға болмайтын құқықтары деп мойындалуы. Қазақстан Республикасында бірінші кезектегі іс-әрекет, мемлекеттің саясаты азаматтардың және қоғамның мүддесіне бағышталады, сондықтан да біздің мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық деп жарияланды. Ата Заңымыздың беріктігі арқасында еліміз әлемдік саясаттың сахнасына шығып, өзін мойындата білді.

Заңына қарап елін танитын заманда Қазақ мемлекеті дүние жүзіндегі ең ірі және беделді ұйымдардың бірі – еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етті. Араға айлар салып ресми Астана Ислам ынтымақтастығы ұйымына басшылық жасады. Келелі кеңесте ислам елдерін алаңдатқан түйіткілді мәселелері талқыланды. Міне, жыл тәулігіндей уақытта елімізде осындай ірі саяси шаралар өтті. Мұның өзі мемлекетіміздегі адам құндылықтарының жоғарғы сатыда екенін айғақтайды. Азаматтардың бостандығы мен еркін өмір сүруі мемлекеттің дамуына үлкен серпін береді. Өйткені, демократия бар жер-

де экономикалық өсім болады. Конституцияға сәйкес, мемлекеттік органдар арасында прокуратура айрықша орын алады. Әрбір азаматтың конституциялық құқығы мен еркіндігін қамтамасыз ететін прокуратура құқық қорғау саласы ретінде, бүгінгі таңда мемлекетіміздің маңызды тетігіне айналды. Оның басты міндеті барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелердің және лауазымды тұлғалардың, заңдарды, Президенттің жарлықтарын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді мүлтіксіз және біркелкі қолдануына жоғарыдан қадағалауды жүзеге асыру болып табылады. Еліміз тәуелсіздік алып, еркіндікке қол жеткізгеннен бері Қазақстан Республикасының прокуратура органдары да жаңа қарқын мен дамып, өз жүйесін қалыптастырды. Яғни, 1991 жылдың 6 желтоқсанында Жоғарғы Кеңестің «Прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін құру, оның дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» қаулысы мен республиканың Бас прокурорына бағынатын бірыңғай прокуратура органдарының жүйесі құрылды. Қолданыстағы заңнамаларды заман талабына сәйкес

жітілдірумен 5 желтоқсан 2022 жылы «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңы «Прокуратура туралы» Конституциялық заңы болып өзгертіліп, азаматтардың құқықтарын қорғау бағытында өкілеттіліктері кеңейтілді. Өткен кезеңдерде қадағалау органы талай әділдік іздеген азаматқа қорған болды. Прокуратура саласы Конституциямен бекітілген әрбір заңның үстемдігіне ара түсуші, әділдікті жақтаушы орган ретінде қоғамда осы қырынан танылды. Қолданыстағы Ата Заң қоғамдағы әлеуметтік теңдік пен ұлттар арасындағы татулықты орнықтырудағы, саяси-экономикалық тұрақтылықты нығайтудағы, дамудың демократиялық жолына түскен Қазақстанның әлемдік өркениетке қарай қарыштай қадам басуының алғышарттарын жасап берген жасампаз да өміршең құжат болып қала бермек.

Құрметті жерлестер, сөзімді қортындылай келе баршаңызды Конституция күні мерекесімен құттықтаймын! Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, болашағы жарқын болсын!

Дарын ӘБІШ,
Қазалы ауданының
прокуроры,
Аға әділет кеңесшісі

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен әкімдік және аппарат мәжілісі өтті. Жиында бірқатар маңызды мәселелер талқыланды.

Әкімдік мәжілісінде аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов «2023-2024 жаңа оқу жылына білім беру мекемелерінің дайындығы туралы» баяндап берді.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев:

-Өздеріңізге белгілі, саналуы күндерден кейін жаңа оқу жылы басталады. Ауданда биыл Қ.Пірімов аулындағы №92 орта мектеп күрделі жөндеуден өтсе, Әйтеке би кентінде 250 орындық мектеп құрылысы жүруде. Алда «Жайлы мектеп» жобасы бойынша Жанқожа батыр аулы мен Әйтеке би кентінен 2 мектеп салынатын болады.

Мұның бәрі Мемлекет және аймақ басшысының қолдауымен балалардың сапалы білім алуы үшін жасалып жатқан шаралар, - деді аудан басшысы.

Сондай-ақ, Мұхтар Әуесұлы аудандық білім бөлімінің бас-

шысы Әділхан Оңдасынұлына жылу беру маусымында сұйық отын тапшылығын болдырмау қажеттігін ескертіп, дайындық жұмыстарының барысын сұрады.

Саладағы ең үлкен мәселе – балалардың қауіпсіздігі екеніне тоқталып, білім беру ұйымдарын турниктермен, дабыл түймесімен, лицензиясы бар күзетпен, ішкі істер органдарының Жедел басқару орталығына қосылған бейнебақылаумен толық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау қажеттігін тапсырды.

Мұнан соң білім беру нысандарының тазалығы сынға алынып, тез арада қалыпқа келтірілуі жүктелді.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш білім саласына қатысты бірқатар мәселелерді көтеріп, анық-қанығын сұрады.

Аппарат мәжілісінде шағын және орта кәсіпкерлік саласының даму барысы мен алдағы міндеттері туралы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм

бөлімінің басшысы Актілеу Бөріқұлақов баяндады.

Мұхтар Әуесұлы Актілеу Талайлыұлынан кәсіпкерлік сала бойынша бірнеше сауалдардың жауабын сұрады. Сондай-ақ, бірқатар ауылдық округ әкімдерінен ауылдардағы кәсіпкерлік саласын дамытуға не кедергі екенін, және жұмыссыздық мәселесін шешу жолдарын сұрады. Сонымен қатар, аталған мәселелер бойынша тапсырма жүктеп, тез арада қолға алу қажеттігін ескертті.

Аппарат мәжілісінде ауданда бұқаралық спортты дамытудың жай-күйі және ауыл спортшыларының «Алтын күз-2023» облыстық спартакиадасына дайындығы туралы аудандық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Болат Жолтаев баяндады.

-“Біздің алдымызда бұқаралық спортпен айналысатын азаматтардың санын арттырып, дені сау ұлт қалыптастыру міндеті тұр. Сондықтан, тұрғындар арасында спорт түрлерін кеңінен насихаттап, жұмысты жандандыруға

тиіспіз” - деген аудан басшысы алдағы «Алтын күз - 2023» облыстық спартакиадасында аудан спортшылары үздік үштіктен көрінуі қажет екенін айтты.

Сондай-ақ, Әйтеке би кентінің әкімі Қайрақбай Орынбасаровқа кент ішіндегі бұзылған спорт алаңдарын қайта қалпына келтіру керектігін ескертті.

Сонымен қатар, ономастика саласындағы жол картаны орындау жөнінде Болат Жолтаевқа тиісті жұмыстарды жүйелі түрді ұйымдастырып, ономастикалық комиссияның қарауына ұсыну қажеттігі айтылды.

Мәжілісті қортындылаған аудан әкімі Мұхтар Оразбаев аудандағы тазалық мәселесі және қоғамдық тәртіпті бақылау үшін құрылған рейдтік топтардың жұмыстары күн тәртібінен түспейтінін айтты. Сонымен қатар, жүктелген қарау қажеттігін ескертіп, тиісті тапсырмаларды жүктеді.

Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫ–АТА ЗАҢ

(Соңы.Басы 1-ші бетте)

Осыған орай, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастама-сымен 2022 жылғы 5 маусым-да Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тура-лы республикалық референдум өткізілді.

Республикалық рефе-рендум қортындысымен Конституциямызға біршама өзгерістер енгізілді.

Мемлекет басшысының «Екінші Республика» идеясы-на сәйкес, бұдан былай еліміз «Күшті Президенті – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен өмір сүреді. Ата заңдағы ең басты

құндылық халықтың құқығы тап-талмайды. Халық заңсыздыққа тап болса – Конституциялық сотқа жүгіне алады.

Жаңа Ата Заңымыз біздің барша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналмақ.

Сот үш биліктің біреуі. Конституцияның 7-бөлігі соттар және сот төрелігіне қатысты, онда Қазақстан Ре-спубликасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады және Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың

Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды делінген.

Біздің Конституция-мыз мемлекеттік биліктің біртұтастығын бекіте оты-рып, оны шашыраңқы күйден, біртұтас, жұмылған жұдырықтай жүйеге ай-налдырды. Мемлекеттік билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін күшейтті. Биыл ел болып жиыр-ма сегіз жылдығын атап өтіп отырған біздің Ата Заңымыз өз өміршеңдігін көрсетті.

Ең бастысы, Ата Заңымыз Қазақстан мемлекеттігінің нығаюына, еліміздің дамуына, халқымыздың өсіп-өркендеуіне негіз қалап берді.

Ата Заңның 3 - бабын-да мемлекеттік биліктің бірден - бір бастауы - халық делінген. Мен Ата заңымыз ел игілігіне жұмыс істейтініне сенемін. Себебі, елдің жет-кен биігі - біздің жетістігіміз. Баршаңызды Конституцияның 28 жылдығымен құттықтаймын! Еліміздің әр азаматының мүддесі биік, құқықтары қорғаулы болсын!

Мұрат ОСПАНОВ,
Қазалы аудандық сотының
судьясы

АТА ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕУ–ӨЗІҢДІ ҚҰРМЕТТЕУ

Тәуелсіз еліміздің азаматтарының көңіліне күдік түсірмейтін, қоғамына бақыт құсын сыйлаған, құқықтық құндылықтарды бойына жинаған Конституциясымыз бар. 1995 жылғы 30 тамыз-да бүкілхалықтық референ-дум арқылы еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Конституция-бізге әділдікті, теңдікті, құқықтылықты, бостандықты, еріктілікті, әлеуметтік қамтамасыздықты, азаматтық қоғам мен мемлекетіміздің біртұтас, жан

– жақты дамуын айқындап бер-ген Негізгі құжат. Ата Заң-тоғыз бөлім, тоқсан сегіз баптан тұрады. Қазақ елінің көрнекті заңгерлері мен ғалымдары көп еңбек сіңіріп, Ата Заң өмірге келді. Еліміздің өзгерген, толықтырылған Ата Заңы қабылданды.

Қазақстанның барлық аза-маты-Ата Заңды құрметтеуге, орындауға міндеттіміз. Біз Ата Заңымызды негізге ала отырып, Конституция қағидаларын қатаң сақтап, өмір сүруге дағдылануымыз керек.

Ата Заң қолданыста болған жылдар бізге тек даму мен серпіліс, жігер, бейбітшілік пен қоғамдық тұрақтылықты сыйлады. Біздің бүкіл тыныс-тіршілігіміз, өмір салтымыз, осы Ата заңнан бастау алады. Бұл әрбір азаматтың конституциялық құқын та-нытатын, әр қазақстандық естен шығармай орындай-тын заңдардың темір қазығы. Отанымыздың Ата Заңының арқасында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, әлемдегі өркениетті мемлекеттермен

тереземіз тең, дамыған ел-дер қатарында бейбіт өмір сүріп келе жатырмыз. Консти-туциямыз болашақта барша Қазақстандықтардың игілігі үшін қызмет жасай беретін бо-лады. Ата Заңды құрметтеу-оны қабылдаған халықты құрметтеу. Ол бүкіл мемлекеттік биліктің және әрбір азаматтың игілігіне қызмет етеді.

Гүлшаһар ӘЙМІШОВА,
№276 мектеп-лицей
директорының
оқу ісі жөніндегі
орынбасары

● 1 қыркүйек -Білім күні!

БАЛАНЫҢ ШУЫНСЫЗ, ҚОҢЫРАУДЫҢ ҮНІНСІЗ ЖҮРЕ АЛМАЙТЫН ҰСТАЗБЫН!

Ұстаздық – ұлы мамандық. Биылғы оқу жылында менің ұстаздық қызмет атқарғаным – 35 жыл. Сонау кездегі бала қиялымнан асқақ армандар туындады. Бала кездегі ойы-ным да қуыршақ ойнау емес, оңашада көзге көрінбейтін шәкірттерімді тізіп қойып, соларға білім үйретіп, баға қоятынмын. Ал, ол кезде тәрбие туралы мүлдем ойламайтын-мын, тек бар болғаны сол көзге көрінбейтін шәкірттеріме сабақ қана оқытатынмын.

Қызылорда қаласындағы М. Мәметова атындағы педагогикалық училищені бітірген соң, сол арманымның орындалуына мүмкіндік туды. Өзім оқыған Ыбы-рай Алтынсарин атындағы № 204 мектепке бастау-ыш сынып мұғалімі болып қабылдандым. Мен арманы-ма бір табан жақындағанымды сезініп, жұмысқа бар ын-таммен кірістім. Алғашқы педагогикалық кеңеске қатысқан кезім менің есімнен

мәңгі кетпейді. Өзіме дәріс берген ұстаздарыммен иықтаса қызмет ету, тең болу мен үшін қандай үлкен мәртебе болды десеңізші...

«Патшалық құру ұстаздық етуден онесе жеңіл», - дередім. Себебі, патшаның маңы толы нөкер, патшаның өмірін солар орындайды. Ал ұстаздың алды –толы шәкірт, бірақ ұстаздың дәрісін ешкім бере алмай-ды. Қайдан берсін, ұстаздық ұстаздан басқа ешкімнің қолынан келмейді. Міне, алғаш рет осыны түсіндім. Шәкіртке керек мұғалім атанғым келді. Енді сол мақсатқа қарай жол тарттым. Ұстаздық ете жүріп, көп іздендім, әріптестердің тәжірибесін жинақтадым.

Балалардың бойы-на жас кезінен бастап, ең маңызды адамдық саналар-ды- адамгершілікті дарытып, аяушылықты, төзімділікті, имандылықты, әдептілікті, мейірімділікті және басқа да асыл қасиеттерді дамытуы-мыз қажет. Әрбір мұғалімнің

ең негізгі міндеттерінің бірі-балаларға адамгершілік қасиеттердің маңыздылығына ден қоюды үйрету. Өзінің оқушысын өз бетінше білім мен тәрбие алуға үйретпеген мұғалім түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайтыны белгілі.

Нағыз ұстаз бейнесін Әбу-Насыр әл-Фараби сөзімен түйіндесек: «Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкіртті селсоқ қарайтын бола-ды. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді....»

Әр ұстаз өзінің бала болғанын, өзінің ата-ана екенін, өзінің бауыр екенін үнемі есте ұстаса, жұмыс

нәтижесі сапалы болатыны сөзсіз. Ал әр сабағымызда өз санамызды сәулелендіріп, шын риясыз көңілмен балаға қызмет қылсақ, жұмысымыз жылылыққа толы қарым-қатынасқа айналары сөзсіз.

Мен қазір баланың шу-ынсыз, қоңыраудың үнінсіз жүре алмайтын жағдайға жеткен ұстазбын. Адам өмірінде мамандық таңдаудан қателеспеу керек деген сөз бар ғой, ол шындық екен. Жұмысыңды аңсап бару, қуанып қайту, өзіңнің не бітіргеніңді, енді не істейтініңді білу, бұл-мамандығын сүйген адамның ісі. Барлық мұғалім жаны ізгілікке толы ұстаз де-ген ұлы мамандықты жан-тәнімен сүйер болса періште шәкірттер жүрегі таза, рухани бай адам болады деп ойлай-мын.

Гүлмира ҚАБЫЛ,
№204 орта мектептің
бастауыш
сынып мұғалімі,
педагог-зерттеуші

МӘУЛІТ АЙЫНЫҢ БЕРЕКЕТІ МОЛ БОЛСЫН!

Алла қаласа, алдағы күндері Мәуліт мерекесі тойланады. Бұл әрине күллі мұсылмандар үшін ортақ қуаныш. Мәуліт сөзі «туылған күн, туылған жер» деген мағыналарға келеді. Ал дінімізде ардақты П а й ғ а м б а р ы м ы з д ы ң (с.а.у.) туылған күніне орай өткізілетін мерекелік іс-шараларды білдіреді.

П а й ғ а м б а р ы м ы з д ы ң (с.а.у.) туылған күні 571жылдың Рабиғұл-аууал айының он екінші жұлдызы. Бұл уақыт отқа табынушылардың оты сөніп, көпірлердің пұттары қираған уақыт, әлем нұрға бөленіп, Аллаһ пенақыреттен үміті бар жандардың тағатсыздана күткен сәті болатын.

Мәуліт айында мәдени іс-шара ретінде, халықтың арасында Пайғамбарымызды (с.а.у.) дәріптеп, оған салауаттар айтып, оның сара жолынан, көркем әдебінен, нұр шашқан руханиятынан молырақ нәсіпалуға арналған мәуліт кештері өткізіледі. Пайғамбарымызға салауат айту дегеніміз – дұға, жарылқау тілеу, береке тілеу ұлықтау деген мағыналарды білдіреді.

Пайғамбарымызға (с.а.у.) салауат айтуды Алла Тағала әмір етіп, Құранда былай дейді. «Алла Тағала мен періштелер Нәбиге (с.а.у.) салауат айтуда. Ей, иман келтіргендер, сендерде Оған (с.а.у.) салауатты айтып, шынайы түрде сәлем беріңдер». («Азғаб» сүресі, 56 аят).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтады: «Менің атым аталып, маған салауат айтпаған адам нағыз сараңның өзі». Яғни, хал үстінде жатқанда да «Үмметім, үметтім» деп үмметіне ынтызар болған Пайғамбарына салауат айту біздерге міндет.

Ал салауат айтудың артықшылығына келетін болсақ, бұл дұғамыздың қабыл болуының бірден-бір шарты.

Хазіреті Омардан (р.а.)

риуат етілген хадисте: «Пайғамбарымызға (с.а.у.) салауат айтпайынша дұға аспан мен жердің арасында бөгеліп, көтерілмей тұрады»-делінген. Сонымен қатар салауат айту әрбір мұсылманның екі дүниедегі дәрежесін арттырады. Себебі, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мынандай хадистері бар: «Қиямет күні Маған ең жақын адам, маған ең көп салауат айтқандары». Кім маған бір рет салауат айтса, Алла Тағала оған он рахмет жолдайды, оның он күнәсі кешіріліп, он дәрежесі көтеріледі»-делінген.

Мәулітті атап өтер мереке емес дейтіндер бар. Сондықтан Мәуліт дұрыспа, бұрыспа деген мәселеге келсек, бұл жайында Мәуліт алғаш шыға бастағанда да адамдар арасында осындай пікір айырмашылықтары болған. Дегенмен сол дәуірдің ғұламалары бұлістің бидғатқа жатпайтындығын, керісінше мұстахаб (жақсы көрілген) амал екендігін дәлелдегеннен кейін мұсылмандар арасында кеңінен таралған. Пайғамбарымыздың дүниеге аяқ басуы Ұлы Жаратушының ғаламға сыйлаған ең үлкен нығыметі мен жақсылығы екендігі сөзсіз.

Құранда: «Біз сені ғалам үшін рахым етіп қана жібердік»-деп, осы ақиқатты меңзеген. Пайғамбарымыз (с.а.у.) арқылы Ұлы Жаратушымызды қатесіз танып, оның тура жолын таныдық. Ақ пен қараны ажыратып, жәннәт пен тозақты білдік. Дүниенің мәні мен жаратылыстың мағынасын ұқтық.

Е н д е ш е Пайғамбарымыздың дүниеге келуі – мұсылмандар үшін зор қуаныш. Ұлы Иеміздің құлдарына жасаған ұлы жақсылығы. Ал қуанышты бөлісудің, оны белгілі жүйемен көрсетудің, Алла Тағаланың жақсылығы мен нығыметін шүкір мақсатында жария етудің дінімізде негізі

мен дәлелі жеткілікті.

Мәуліт мерекесі тек ән салып, ішіп-жеумен ғана өткізілетін пендешілік мереке емес. Мәулітте ұйымдастырылатын іс-шараларды түрлендіріп, мазмұнын сан – алуан тақырыптармен байытып отыру халықтың ынта – ықыласын арттырады сөзсіз.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Мәулітке байланысты фәтуасы теледидар арқылы, БАҚ – тарда кеңінен насихатталып жатқандықтан Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өмір жолын кеңірек жазуды мақсат тұтадық.

Бір ай көлемінде аталып өтілетін мәуліт маусымында пайғамбарымыздың (с.а.у.) өмірі жайлы кітаптар мен мақалалар оқылып, фильмдер көрсетілсе, уағыздар айтылса асыл мақсатына сай келер еді.

Мұхаммед (с.а.у.) Пайғамбарлардың соңғысы болғандықтан біраз нәрсе айтуға болады. Бұдан кейін Пайғамбар келмейтіндіктен Пайғамбарлықтың кәміл қасиеттері осы пайғамбарға берілуі түсінікті жағдай. Құранның тәжірибе түріндегі тәпсірі болып табылатын оның өмірін бірекі ауыз сөзге сыйғызу, әлбетте мүмкін емес.

П а й ғ а м б а р ы м ы з д ы ң өнегелі өмірі өзгелерден ерекшеленеді. Мәселен, оның өмір жолының бүкіл адамзатқа үлгі бола білуі.

Шындығында байдың өмірі кедейге, науқастың өмірі сау адамға, қойшының өмірі ханға өнеге бола алмайды. Ал Пайғамбарымыздың өмірі жетімдіктен пайғамбарлыққа дейін, әлсіз шарасыз күйде жапа шегуден сол дұшпандарына үстем болуға дейінгі өмірдің барлық сатысынан өткен.

Тағы бір ерекшелігі – дұшпандарының өзі оның адамгершілік тұрғысындағы кәмілдігін мойындауы. Өз заманында қас жауларының

өзі оның адалдығына сеніп аманатын қалдырса, бүгінде оны Пайғамбар деп қабылдамайтын өзге дін өкілдері де ең ұлы жүз адамның үздігі етуге мәжбүр болды. Оның (с.а.у.) өмірі әдепте, мәміле де, ержүректікте, мәрттікте, жомарттықта, жолдастықта, отбасылық өмірде, басшылықта асыл қасиеттердің асқақ үлгісіне толы.

С о н д ы қ т а н Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дүние салғанына он төрт ғасырдан ассадағы, ол барша мұсылмандардың жүрегінде мәңгі жасай бермек.

Мәуліт мерекесі осы жылдың қыркүйек айының 26-ші жұлдызынан бастап бір ай бойы тойланады.

Алла Тағала әрбір жанұяға нұрын төгіп, П а й ғ а м б а р ы м ы з д ы ң шапағатын нәсіп етсін. Оның өмір жолымен жүріп, ізін басқан үмметтерінің қатарынан болуымызды жазсын.

Мәуліт мерекесі барша шаңыраққа береке-бірлік, елімізге рухани қуаныш сыйласын.

Нұрдәулет НӘБИ,
Қазалы аудандық орталық «Жанқожа батыр» мешітінің бас имамы

●Хабарландыру

2023 жылдың 5 қыркүйек күні сағат 16:00-де Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс 6 сессиясы шақырылады. Сессиясының күн тәртібінде «2023-2025 жылдарға арналған аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ бюджеттері туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе қалады.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.